

**6D010700- «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін алдынала қорғауға ұсынылған Бекболатова Құралай Маратовнаның «Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің**

### **ІШКІРІ**

К.М.Бекболатованың тиянақтылығының нәтижесінде, зерттеу жұмысының мазмұнын ашып, тәжірибелік-эксперимент жобасын тексерістен өткізіп, күрделі практикаға қажетті ғылыми жұмысты жүргізді.

Тәжірибелік-эксперимент Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде айқындалды. Тәжірибелік-эксперимент жұмысында өзінің практик екенін дәлелдей білді, докторант барлық жүргізген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының барысы, нәтижесі, диссертацияда ғылыми әдістемелік негізде құрылған. Диссертацияның негізгі мазмұны, докторанттың жарияланған ғылыми еңбектерінде жеткілікті баяндалған.

Диссертацияның құрылымы: кіріспеден, екі бөлімнен, зерттеудің тұжырымдар мен ұсыныстар келтірілген қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

*«Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері»* деп аталатын бірінші бөлімде бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыруда экодизайн технологияларының қолдану ерекшеліктері, экодизайн технологияларын қолданудың теориялық аспектілер мен заманауи қоғамда оның дамуы және зерттелу жағдайына толыққанды зерттеу жүргізілді.

*«Болашақ бейнелеу өнері мамандарын экодизайн технологиялары негізінде кәсіби даярлау жүйесінің әдістемесі»* атты екінші бөлімде жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде экодизайн технологиялары негізінде кәсіби даярлаудың жүзеге асыру құралдары, формалары мен әдістері, әдістемесі беріледі; эксперимент жұмысының анықтау, бақылау кезеңдеріндегі білім деңгейлерінің кесіндісі, нәтижесі мазмұндалады, нәтижесі мазмұндалады. Диссертанттың әр бөлімдерге қатысты жақын алыс педагог-ғалымдарымыздың еңбектерімен танысқандығын байқауға болады және оның дәлелі ретінде әдебиеттер тізімінде анық берілген.

Қорытындыда зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалады, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Докторант Бекболатова Құралай өзінің зерттеу тақырыбына байланысты ізденіс жұмыстары барысында өзінің жауапкершілігінің жоғарылығы мен ғылыми ізденіске икемділігін танытты. Базалық білімі киім дизайны, ал магистрлік бейнелеу өнерімен байланысты болуы докторанттың ақпарат

көздерін еркін меңгеруіне жол ашса, жауаптылығы мен тиянақтылығы зерттеу жұмыстарын мұқият жүргізуге мүмкіндік туғызды.

Диссертация мәселесінің ғылыми-теориялық талдауы, зерттеудің педагогикалық мәселелері жан-жақты терең, әрі кең қарастырып, олардың ЖОО оқытушылары мен мұғалімдері үшін зерттеу нәтижелерін пайдалануға маңызы өте зор деп санаймын. Нәтижелері бірнеше рет сарапқа салынып, жетістіктері өлшеніп, тиісті дәрежеде қорытындыланып, баспа беттерінде жарық көрді. Диссертацияның жүйесі мен құрылымы мен ғылыми-практикалық мәні мен нәтижесі сай қазіргі ғылыми-педагогикалық талапты ескеріп орындалған еңбек.

Автордың жарияланған еңбектері жеткілікті. Ол өзінің PhD докторлық ғылыми-зерттеу жұмысқа деген қабілеті мен ептілігін көрсете білді. К.М.Бекболатованың бұл PhD докторлық диссертациясы қорғауға болады деп, сенім артамын.

**Ғылыми жетекші**  
**педагогика ғылымдарының докторы,**  
**профессор**



РАСТАЙМЫН  
ПЕРСОНАЛДЫ  
ЗАВЕРЯЮ: **Б.А. Әлмұхамбетов**  
ҚОЛЫ  
ПОДПИСЬ

Абай атындағы ҚазҰПУ  
НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО  
УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ  
ҚазҰПУ имени Абая